

ӘОЖ 727.55

## ТЕҢІЗ ЖАҒАСЫНДАҒЫ МОДУЛЬДІК МАЯК ҚҰРЫЛЫСЫ МӘСЕЛЕСІ

Шонай Рысжан Оралбайқызы

*ryschan.shonay@mail.ru*

Л.Н.Гумилева атындағы ЕҮУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының

5 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: профессор Утешева Гульнар Ташкенбаевна

XXI ғасыр техника мен автоматтандыру заманы болғандықтан, адамдар да осы үрдіске бейімделуде. Соған орай біз де біздің елімізде заманауи құрылыш нысандары көбеюде. Елімізде туризмді дамыту мақсатында теңіз жағасына биік әрі көркем модульдік маяктың құрылыш нысанын тұрғызу арманым болған. Ал енді сол арманды мақсатыма айналдырып, оны жүзеге асыру мақсатында осы мақаланы қолға алдым.

Зерттеудің тәжірибелік мәні болып, модульдік маяктың дизайн жобасын жүзеге асыру көмегімен, Қазақстандағы туризмнің дамуымен және оның әлемдік деңгейге өтуімен байланысты бірқатар проблемаларды шешу, сонымен қатар, жобаланатын орталық, қоғамның отандық туризмге деген қызығушылығын арттырады.

Ақтау қаласындағы қазіргі кезде үй үстінде орналасқан «Меловой» маягі жұмыс жасап тұр. Сол үйдің тұрғындарына ешқандай зиян келтіріп тұрган жоқ. Өткен жылды маяктың салынғанына әрі жұмыс істеп тұрганына 50 жыл толды. Әрине, бұл шамшырақ туралы кейбір қала тұрғындары көненің көзі десе, кейбірі бұл енді дамып, көркейіп келе жатқан қалаға «су жаңа» шамшырақ керек дейді. Былай ойлап қарағанда бір қалаға екі шамшырақ деген тіптен керемет емес пе?! Сондай сұрақтар мазалап, корыта келгенде өзімнің дипломдық жобамды осы тақырыпта алуға шештім.



Сурет-1. Ақтау қаласындағы «Меловой» маягі

Ақтауда маяк тұрғын үй ғимаратының төбесінде орналасқан. Осылайша құрылған жердің европалық бөлігіндегі жалғыз маяк. Бірақ әлемдегі ұқсас құрылымдар көп. Маяк, қонақ үйлер, ортағасырлық құлыштағы маяк, интернаттың маяғы бар. Ақтау маяғы бұл жағдайда ерекше емес.



Сурет-2. 1 кВт кварц галогендік шам

Маяк мұнарасы қалай жұмыс істейді? Көптеген ескі маяктар келесі жүйе бойынша жұмыс жасайды. Төменгі бөлік - баспалдақты жарықтандыру үшін спиралды баспалдақпен және жарық терезелердің төрт қабатынан жасалған қуыс конус. Жоғарғы бөлмеде Маяк қайнатқыш жүйесі бірінші рет орналасқан маяк бөлмесі (дөңгелек терезе және контур айналасында қоршау бар) бар, ал бастығы түнде болған. Ең жоғарғы жағында шам орнатылған шам. Шеңбердің шамы 360 градустық шыныға ие, сондықтан маяк жарықы барлық жерде көрінеді. Ал менің қорғайын деп отырған жобам мұлдем жаңа форматта болмақ. Айналмалы баспалдақтар орнына улкен салмақты көтеретін лифт пен панорамдық көріністері бар биік маяк туралы болмақ. Келесі суретте мысалға алатын маяк бейнеленген.



Сурет-3. Балалар шығармашылығының түрлі-түсті орталығы

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Оригинальные маяки Южной Кореи <https://novate.ru/blogs/270514/26468/>
2. Самые красивые маяки мира <https://turist.delfi.ee/news/stories/samye-krasivye-mayaki-mira?id=78319046>
3. Маяк на крыше дома <https://tumba.kz/ekonomika/13-ekonomika/1529-mayak-na-krishe.html>
4. acting concrete, // ENZH "Engineering Bulletin of the Don", Penza, 2007-2015